

Ақпарат

«Бекітемін»
Әлихан Бөкейұан атындағы
№76 мектеп-лицей директоры
Б.Б. Сейдеш
» 2024 жыл

2024-2025 оқу жылында «Құндылыққа негізделген білім беру» жобасын іске асыру жоспары

Қазан айы: «Тәуелсіздік және Отаншылдық айы»

| № | Айы/құндылық атауы | Іс-шара атауы/түрі | Мақсаты | Мерзімі | Жауаптылар |
|----|---------------------------------|---|--|------------|------------------------------|
| 1. | Тәуелсіздік және Отаншылдық айы | 1-4 сыныптар Сауаттылық пен білім – менің мектеп кітапханамда Букросинг «Мен оқыдым, сен оқы» атты білім алушылар арасында кітап алмасу акциясы | Оқушылардың кітап алмасу мәдениетін дамыту, назарын кітап оқуға аудару, әсіресе, отандық авторлардың шығармашылығына қызықтыру. | 10.10.2024 | Мамырбекова Г., Момбек А. |
| 2. | | 7 сыныптар Отаншылдық – Үлкенге құрмет. «Қарттарым – асыл қазынам» | Оқушылардың бойына үлкенді сыйлап тыңдай білуге, халқының салт – дәстүрінен нәр алуға, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу. | 01.10.2024 | 7 сынып жетекшілері |
| 3. | | «Ұстаз болу – жүректің батырлығы» атты 11 сынып оқушыларының | Оқушыларды ардақты да аяулы ұстаздарын құрметтеуге, сыйлай білуге, үлгі тұта білуге, ұстаз еңбегін әрқашанда | 04.09.2024 | 11 сынып жетекшілері |

| | | | | |
|----|--|--|------------|--|
| 4. | ұстаздар күніне арналған мерекелік кеші | бағалай білуге үйрету, адамгершілікке, сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | | |
| | 6 сыныптар «Республикам бұл менің!» челленджи (ұлдар тобы) | Оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Республика күнінің маңыздылығын түсіндіру. | 14.10.2024 | 6 сынып жетекшілері |
| 5. | 10 сыныптар «Отаным – бақыт ордасы» ашық тәрбие сағаты | Бақытқа жетер данғыл жолдың бірі - туған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. Отаншылдық құрмет құндылығын дарыту. | 21.10.2024 | 10 сынып жетекшілері |
| 5. | 8-9 сыныптар «Біріккен Ұлттар ұйымы моделі» Қазақстанға АЭС салу тиімділігі Дебат | Оқушылардың танымдық қабілетін, ой-өрісін кеңейту, белсенділігін арттыру, өз пікірлерін айта білуге, алған білімдерін өмірде қолдана білуге баулу. | 03.10.2024 | «Жас лидер» академиясы Хайрат А. |

04.10.2024 ж. «Құндылықтарға бағытталған білім беру» жобасы және «Тәуелсіздік және Отаншылдық айы» аясында 11 сынып оқушылары

Мұғалімдер күніне арналған «Ұстаз болу – жүректің батырлығы» атты мерекелік кеші өтті. Кеште оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, ұстаздарының ыстық ықыласына бөленді.

Мақсаты: Ұстаздың адам өмірінде алатын орын зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дарыту. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеу.




Ақпарат

10.10.2024 ж. «Құндылықтарға бағытталған білім беру» жобасы және «Тәуелсіздік және Отаншылдық айы» аясында 1-4 сыныптар арасында «Мен

оқыдым, сен де оқы» атты білім алушылар арасында кітап алмасу акциясы өтті.

Түрі: Букросинг (ойын түрінде өткізіледі. Сынып топқа бөлінеді. Ертегілерден тапсырмаларды орындап, үзінді оқиды, екінші топ сол ертегіні табады.)

Мақсаты: Оқушылардың оқыған ертегілер бойынша білімдерін пысықтау. Бастауыш сынып оқушыларын көпшілік алдында сөйлеуге, өз ойын ашық айта білуге баулу. Оқушыларды кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру, шығармашылық қабілеттерін арттыру, шапшаң оқуға дағдыландыру.



Дебаттың тақырыбы

«Біріккен Ұлттар ұйымы моделі» Қазақстанда сапалы тиімділігі

АЭО

| | |
|----------------|----------------------------|
| | |
| Мақсаты | Дебат форматын жаңдандыру. |

«Дебат турнирі – жастардың біліктілігінің қандай деңгейде екенін көрсетеді. 8-9 сынып оқушылар жақтаушы, даттаушы топтары аргументтерін жинап келген. Ортаға өз пікірлерімен бөлісті. Бүкіл дамыған әлем атом энергиясына иек артып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында экономикалық және саяси мәселеге айналған атом энергетикасын дамыту тақырыбын қозғағаны белгілі. Себебі жыл өткен сайын елде энергия тапшылығы сезілуде, электр желілері тозды. Оның үстіне бүгінгі таңда елімізде жаңадан бірнеше облыс құрылды, көптеген кәсіпорындар мен шаруашылықтар ашылып жатыр. Демек, электр энергиясына деген сұраныс бұрынғыдан да арта түседі деген сөз. Ал, әдеттегідей көмір жағып энергия өндірудің шығыны да мол, табиғи зардабы да орасан. 1,4 млн. тонна уран қорына ие мемлекетіміз үшін аталған мәселені атом электр стансасын салу арқылы шешу тиімді болуы мүмкін. Алайда, АЭС салу қазір түбегейлі қабылданып қойған шешім емес. Президент бұл мәселе биыл күзде жалпыхалықтық референдум арқылы қорытындыланатынын айтты. Осыған орай қазір қоғамда АЭС құрылысы жобасы жиі талқыланып жатыр.

«АЭС қымбат, баламалы энергия көздерін неге қолданбасқа?» деген сауал қойып жатты.

«Энергия жүйесінде әр генерацияның өзіндік орны бар. Алайда, АЭС пен көмірмен істейтін станциялар ғана базалық көз.»

«Қалғаны ауа райына, күн сәулесінің түсуіне немесе желдің тұруына байланысты. Бұлар елімізді энергиямен толыққанды қамтамасыз ете алмайды. Ал АЭС салынса, 60 жыл бойы үздіксіз энергия көзін аламыз»

Айта кету керек, турнир дебатына қатысушылар атом энергетикасы, АЭС құрылысы жобасы, атом саласының ғылыми әлеуеті, экономика, экология, әлеуметтік тақырып аясында да пікір алмасып, өз ойларын ортаға салды.

«Осы орайда, атом энергетикасы – үлкен ғылым екенін, қоғамға берер пайдасын да саралады. Әсіресе, дамыған елдер мұның нақты мысалын көрсетіп отыр. Мұндай жобаны бастамас бұрын халықтың саналы деңгейде қабылдауы маңызды.

Сондықтан дебатта АЭС мәселесіне қатысты бірнеше тақырып қосылды. Соның нәтижесінде 50-ден астам оқу орнынан келген қатысушылар атом саласы бойынша терең зерттеді, дайындалды. Олар бұдан белгілі бір ой түйді, кейін өз оқу орындарындағы ортада айтылады, сөйтіп атом энергетикасы маңыздылығын түсіндіру аясы кеңейе берді деп ойлаймыз.

Турнирдің қарары бойынша ақтық сайыста сөз алған команданың бірі Қазақстандағы энергетикалық ахуал атом электр станцияларын салу арқылы ғана шешіледі деп есептесе, енді бірі атом энергетикасының экологияға зиян келтірмейтін жағын дәлелдеуге тырысты.

Сондай-ақ, пікірталас барысында АЭС отандық ғылыми әлеуетті арттыратынын да нақты аргументтермен саралап берді.

